

*Handwritten signature*

*25.02.2021 жж. н. 0/577-вк*

## Ішкі аудит нәтижелері туралы есеп

Нұр-Сұлтан қаласы

2021 жылғы «25» ақпан

**1.Мемлекеттік аудит объектісінің атауы:** «Допингке қарсы ұлттық орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, БСН 130340002409.

**2.Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты (мәні):**1) кәсіпорынның барлық бағыты бойынша қызметінің тиімді орындалуын талдау және бағалау, даму жоспарына сәйкес республикалық бюджеттен бөлінген қаражат пен басқа да шығыстарының тиімді пайдаланылуы; 2)мемлекеттік аудит объектісі қызметінің Қазақстан Республикасының бюджеттік және басқа да заңнамаларының талаптарына сәйкестігі.

**3.Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап, 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезең.

**4.Ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері:** Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша жалпы сомасы **695 984,0 мың теңге** қамтылып, жалпы сомасы **84 633,0 мың теңге** бұзушылықтар анықталды.

Аудит қорытындысы бойынша жалпы сомасы **178,5 мың теңгені** құрайтын қаржылық бұзушылықтар анықталды, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы «Еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшерлерін айқындау туралы» №1103 Қаулысының 3-тармағының талаптары бұзылып, кәсіпорынның 2 қызметкеріне бір айға төленетін еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы тиісті жылғы айлық есептік көрсеткіштің он бес еселенген шамасынан артық есептеліп, жалпы сомасы **28,7 мың теңге** жәрдемақы артық төленген;

- 2019 жылғы 7 наурыздағы №01-06/8 «Сыйақы туралы» бұйрығының 2019 жылғы 7 наурыздағы №1 хаттамасының талаптары бұзылып, кәсіпорында бір айдан кем жұмыс істеген қызметкерге жалпы сомасы **68,0 мың теңге** сыйлықақы негізсіз төленген;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» №256 Қаулысының 3-тармағының 2-тармақшасының және 7-тармағының 9-тармақшасының талаптары бұзылып, іссапар шығыстарын, соның ішінде тұрғын үй-жайды жалдау бойынша және тәуліктік шығындарды жалпы сомасы **81,8 мың теңгеге** негізсіз төлеген.

Аудит қорытындысы бойынша жалпы сомасы **84 454,5 мың теңгені** құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды, оның ішінде:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 2-тармағының 15,16-тармақшаларының талаптары бұзылып, түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде белгілі бір уақыт аралығындағы қол жеткізілуі тиіс белгілі бір қорытындыларды көрсететін көрсеткіштер және даму жоспарында айқындалған алдына қойған мақсаттары мен міндеттерін шешуден болған әсердің көрсетілуі тиіс болса да, кәсіпорынмен өзінің 2019-2020 жылдардағы даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептерінде тікелей нәтиже көрсеткіштері мен түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде өткізілген өнімдер көлемінің сандық сипаттамасын көрсететін көрсеткіш, соның ішінде өндірілген биосынамалардың саны көрсетілген;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы №14 «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 31,33-тармақтарының талаптары бұзылып, кәсіпорын қаржы-шаруашылық қызмет көрсеткіштерінің бюджеттен қаражатты қысқартуға байланысты, соның ішінде кірістері өзгерген кезде **80 581,0 мың теңгеге** өзінің 2019-2020 жылдарға арналған Даму жоспарының «Кіріс» бөлігін нақтылап түзеген;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы» №145 Қаулысының 1-тармағының 5-тармақшасының талаптары бұзылып, кәсіпорын жалпы сомасы **231,5 мың теңгеге** директордың орынбасарының мемлекеттік басқару органмен шетелдік іссапарын келіспеген;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңының 39-бабының 3-тармағының 42-тармақшасының талаптары бұзылып, кәсіпорын **517,0 мың теңгеге** 2019 жылғы 19 маусымдағы №31 шарт бойынша жұмыс ретінде қыш бұйымнан жасалған логотипі бар кружкаларды негізсіз сатып алған, бұл жоғарыда аталған Заңның 39-бабының 3-тармағының 42-тармақшасына сәйкес келмейді;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңының 39-бабының 3-тармағының 42-тармақшасының талаптары бұзылып, кәсіпорын **633,0 мың теңгеге** 2019 жылғы 19 маусымдағы №32 шарт бойынша жұмыс ретінде жиналмалы қолшатырларды негізсіз сатып алған, бұл жоғарыда аталған Заңның 39-бабының 3-тармағының 42-тармақшасына сәйкес келмейді;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңының 39-бабының 3-тармағының 42-тармақшасының талаптары бұзылып, кәсіпорын **1736,0 мың теңгеге** 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №47 шарт бойынша жұмыс ретінде футболкаларды негізсіз сатып алған, бұл жоғарыда аталған Заңның 39-бабының 3-тармағының 42-тармақшасына сәйкес келмейді;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңының 39-бабының 3-тармағының 42-тармақшасының талаптары бұзылып, кәсіпорын **376,0 мың теңгеге** 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №48 шарт бойынша жұмыс ретінде силикон білезіктерді негізсіз сатып алған, бұл жоғарыда аталған Заңның 39-бабының 3-тармағының 42-тармақшасына сәйкес келмейді;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңының 45-бабының 2-тармағының 3-тармақшасының талаптары бұзылып, кәсіпорын көрсетілетін қызметтердің көлемінің ұлғаймауына қарамастан, жасалған шарттың сомасын **380,0 мың теңгеге** көбейтіп, өзгеріс енгізген.

Анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасынан **178,5 мың теңге** республикалық бюджетке қайтарылуы тиіс.

##### **5. Ішкі мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қорытындылар:**

Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудит мәселелері бойынша кәсіпорын міндеттері мен функцияларын өзінің Жарғысына сәйкес жүзеге асыруда.

- 1-көрсеткіш бойынша кәсіпорын жарғысында көзделген барлық қойылған мақсаттарға қол жеткізеді, бөлінген бюджет қаражаты даму жоспарына сәйкес шығындардың баптарына сәйкес мақсаты бойынша

пайдаланылады. Даму жоспарларына түзетулер енгізу Қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Алайда кәсіпорынмен өзінің 2019-2020 жылдардағы даму жоспарлары мен олардың орындалуы жөніндегі есептерінде тікелей нәтиже көрсеткіштері мен түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде өндірілген биосынамалардың саны көрсетілген және өзінің 2019-2020 жылдарға арналған Даму жоспарларының «Кіріс» бөлігін түзеген;

- 2-көрсеткіш бойынша кәсіпорынмен негізгі қызметті орындау үшін жалпы сомасы 595 322,0 мың теңге бюджет қаражаты пайдаланылды. Бюджет қаражатын басқару және пайдалану Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпорында бос орынның сақталуына қарамастан Жарғыда көзделген негізгі міндеттер орындалуда. Алайда Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік-құқықтық актілерін сақтамау жағдайлары бар.

#### **6.Ішкі мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша ұсынымдар:**

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығымен бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларының 2-қосымшасының 83-тармағына сәйкес:

1) бюджетке 206 108 КБК-не 28,7 мың теңге артық есептелінген жәрдемақы, 68,0 мың теңге негізсіз берілген сыйақы, 81,8 мың теңге іс-сапар шығындары сомасы өтелсін (аударылсын);

2) мемлекеттік сатып алу бойынша бұзушылықтарды жоюға ықпал ететін қажетті шаралар (Мемлекеттік сатып алу Заңының 39-бабының 3-тармағының 42-тармақшасының, 45-бабының 2-тармағының 3-тармақшасының талаптары) көрсетілсін.

Сонымен қатар алдағы уақытта:1) жәрдемақы есептеу, сыйақы беру, іс-сапар шығындарын өтеу тек қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес жүргізілсін; 2) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының 39-бабының 3-тармағының 42-тармақшасы мен 45-бабының 2-тармағының 3-тармақшасы негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырған кезде тауарлар жұмыс ретінде негізсіз сатып алынбайтын және жасалған шарттарға өзгерістер 45-бабының 2-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес енгізілетін болсын.

#### **7.Қаржылық бақылаудың ден қою шаралары:**

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңының 39-бабының 3-тармағының 42-тармақшасының талаптары бұзылып, кәсіпорын **517,0 мың теңгеге** 2019 жылғы 19 маусымдағы №31 шарт бойынша жұмыс ретінде қыш бұйымнан жасалған логотипі бар кружкаларды, **633,0 мың теңгеге** 2019 жылғы 19 маусымдағы №32 шарт бойынша жұмыс ретінде жиналмалы қолшатырларды, **1736,0 мың теңгеге** 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №47 шарт бойынша жұмыс ретінде футболкаларды, **376,0 мың теңгеге** 2019 жылғы 13 қыркүйектегі №48 шарт бойынша жұмыс ретінде силикон білезіктерді негізсіз сатып алған, бұл жоғарыда аталған Заңның 39-бабының 3-тармағының 42-тармақшасына сәйкес келмейді.


*Аталған бұзушылықтар Қазақстан Республикасының 5 шілде 2014 жылғы №235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 207-бабының 11-тармағына сәйкес лауазымды тұлғаға жүз айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салуға алып келеді.*

Осыған орай, аудит нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы Заңының 5-бабының 2-тармағының 3-тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы «Ішкі аудит қызметтері туралы үлгілік ережені бекіту туралы» №559 бұйрығының 14-тармағының 10-тармақшасына сәйкес «Допингке қарсы ұлттық орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бойынша жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар бойынша Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 207-бабының 11-тармағы бойынша тиісті шара қолдану үшін әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға тиісті аудиторлық дәлелдермен қоса материалдар берілуі тиіс.

**Аудиторлық іс-шара жүргізуге жауапты тұлға:**

**Ішкі аудит қызметінің**

**бас сарапшысы-мемлекеттік аудитор**



**С.Ктанова**